



КЕЛІСІЛГЕН

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ТЖКББ бөлімінің меңгерушісі

 Кнашина А.А.
« 12 » 01 2021 ж.

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының м.а.

 Абдикерова Б.Х.
« 12 » 01 2021 ж.



Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай
«Тәуелсіз елдің тарихи тұлғалары» тақырыбында студенттер арасында өткізілетін
облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже «Тәуелсіз елдің тарихи тұлғалары» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияны өткізу мақсатын, тәртібі мен ережелерін анықтайды.

1.2 Конференцияны ұйымдастырушылар: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі, «Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі» КМҚК

1.3 **Конференцияның өту мерзімі және орны: 2021 жылғы 19 ақпан, ZOOM платформасында онлайн түрде өтеді. Конференцияның сілтемесі 2021 жылдың 18 ақпанында жіберіледі.**

Тіркелу уақыты: сағат 09:30

Басталуы: сағат 10:00

1.4 Конференция жұмыстары **2021 жылғы 1 ақпанға** дейін **SVGTK2021@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

1.5 Конференцияға қатысу жарнасы – 1000 (мың) тенге әрбір жұмыс үшін. Төлем Қарағанды облысының білім басқармасының «Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК, С.Сейфуллин көшесі 8/2, бухгалтерлік есеп бөліміне немесе төменде көрсетілген есепшотқа аударылу керек:

РНН:30200330329

Рас.счет: KZ606010191000169583(KZT) «Қазақстан халық банкі» АҚ

БИН: 120740001225

БИН: HSBKZZKX

ОКПО: 51634551

КНП: 859

1.6 **Өткізу тілдері:** қазақ, орыс тілдері.

1.7 **Конференцияның қатысушылары:** колледж оқытушылары мен студенттері.

1.8 **Конференцияның өткізілу форматы:** пленарлық және секциялық.

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨЗІНДЕ ОРЫНДАЛҒАН (ӨЗІРЛЕНГЕН) ЖҰМЫСТАРЫ БОЛУ КЕРЕК.

2. Конференцияның мақсаты мен міндеті

2.1 Мақсаты:

Еліміздің 30 жылдан бергі тарихи табыстарын түйіндей отырып, Қазақстан мемлекеттілігін құру мен нығайтудағы еліміздің жеткен жетістіктерін насихаттау, қазіргі ұлттық тарихнаманың түйінді мәселелерін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының аясында зерделеу және Тәуелсіз Қазақстанның тарихи тұлғаларының істерін дәріптеу.

2.2 Міндеттері:

- Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімін, Отанға деген сүйіспеншілігін, Қазақстанның тарихи өткені, бүгіні және жарқын болашағына деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу;

- Жастардың бойында белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, рух пен адамгершілік құндылықтарды нығайту;

- Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы белгілі тұлғалардың жетістіктері мен қызметін насихаттау;

- Оқытушылар мен студенттердің тарихи таным деңгейін арттыру, олардың патриоттық қасиеттерін арттыру үшін жағдай жасау.

3. Секциялық отырыс тақырыптары

1. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы: Қазақстан болашағының тарихи тұғырнамасы»;
2. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және отандық тарих ғылымын жаңғырту»;
3. Қазақстан Республикасының жүз жаңа тұлғасы.

4. Конференция жұмысының регламенті

- Пленарлық отырыс – 10 – 15 минут;
- Секциялық отырыс – 5 – 7 минут (әрбір қатысушы);
- Рефлексия – 2 – 3 минут;
- Конференция қорытындысы – 30 минут.

5. Мақаланы рәсімдеу және конференцияға қатысу талаптары:

5.1 Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетінің SVGTK2021@mail.ru электрондық поштасына, әр колледжден екі қатысушыдан аспайтын жұмыстар жіберу қажет. Папкалардың атауы қатысушының атына, тегіне және әкесінің атына сәйкес келуі тиіс.

5.2 Материалдар папкасы 3 файлдан тұрады:

- Берілген үлгі бойынша өтінім (1-2 қосымшалар);
- Талаптарға сәйкес қатысу материалы (мақала);
- Ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы түбіртек.

5.3 Баяндама мәтіні Microsoft Word мәтіндік редакторында (A4 форматында, суреттер мен сызбаларды қоса алғанда 6 беттен аспайтын) ұсынылады. Шрифт Times New Roman шрифті қаріп өлшемі – 12, жоларалық интервал–1, сол жағы, оң жағы, үстің асты –2 см, абзацтық шегініс–1,25 см) қолданылуы тиіс, 3-беттен аспауы тиіс.

Баяндама келесі тәртіппен орналастырылады:

- бірінші жолда баяндаманың тақырыбы бас әріптермен (қалың қаріппен),
- төменгі жолда – мекеменің атауы,
- төмен жолда – автордың тегі мен аты, әкесінің аты көрсетіледі.
- баяндаманың негізгі мәтіні келесі жолдан басталады. Әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір жолға шегініп көрсетіледі. Беттер нөмірленбейді.

Баяндама мәтіні түзетілмейді, тупнұсқа болып табылады. Конференция жинағына көшіру арқылы тікелей басылады. Көрсетілген уақыттан кеш жіберілген немесе талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар жарияланбайды, қаралмайды және қайтарылмайды. Баяндама үлгі бойынша рәсімделуі тиіс (3 – қосымша)

6. Марапаттау

- Ұйымдастырушылар алғыс хатпен марапатталады;
- Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

7. Конференцияны материалдық қолдау

Іс – сапар шығындары жіберушінің есебінен төленеді.

Ұйымдастыру жарнасының чегі баяндамамен бірге электрондық поштаға жіберіледі, баяндаманы жіберген жағдайда, мақала жинақта жарияланбайды.

- Әрбір қатысушыға PDF форматындағы конференция жинағының электрондық материалы тапсырылады.

- Конференция қатысушылары алдын ала келісілген тәртіпте қажетті мультимедиялық және басқа да техникамен қамтамасыз етіледі.

- Материал «Тәуелсіз елдің тарихи тұлғалары» атауымен электронды түрде қабылданады.

- Талаптарға сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

Барлық сұрақтар бойынша конференцияны ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады
Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ленин даңғылы 14, «Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі» КМҚК

Анықтама телефоны: (ұйымдастыру комитеті)

+7(778) 575-06-21 Рахимбаева Айжан Сағатовна

+7 (702) 443-86-85 Бектемирова Айсеным Айткеновна

+7 (771) 286-22-72 Қозыбағаров Амангелді Ибадуллаевич

E-mail: SVGTK2021@mail.ru

1 қосымша

Қатысуға арналған өтінімнің үлгісі (студенттер үшін)

1	Қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (толығымен)	
2	Жетекшінің тегі, аты және әкесінің аты (толығымен)	
3	Мекеме (толығымен)	
4	Тобы	
5	Бөлім атауы	
6	Жұмыстың тақырыбы	
7	Мекеменің мекен-жайы	
8	Телефон, электрондық пошта	

2 қосымша

Қатысуға арналған өтінімнің үлгісі (оқытушылар үшін)

1	Қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (толығымен)	
2	Мекеме (толығымен)	
3	Қызметі	
4	Бөлім атауы	
5	Жұмыстың тақырыбы	
6	Мекеменің мекен-жайы	
7	Телефон, электрондық пошта	

3 қосымша

Баяндаманы рәсімдеу үлгісі:

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ (12 pt.)

«Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі» КМҚК,

Студенттің Т.А.Ә.

Ғылыми жетекшісі Т.А.Ә.

Баяндаманың мәтіні. Баяндаманың мәтіні. Баяндаманың мәтіні [1]... Баяндаманың мәтіні.
Баяндаманың мәтіні. Баяндаманың мәтіні [2]... Баяндаманың мәтіні [3]...
Баяндаманың мәтіні. (12 pt.)

Қолданылатын әдебиеттер(12 pt.)